

А.Н. Ламбекова, А.М. Нурғалиева

*Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: Aygerim.lambekova@mail.ru)*

«Халық Банк» Акционерлік қоғамының қаржылық тұрақтылығын талдау ішкі аудит жүйесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде

Банктік жүйе нарықтық экономиканың маңызды құрылымы болып табылады. Банкті тиімді басқарудағы және сапаны жоғарлатудағы оның маңызды функциясын жоғарлату негізінде, яғни басқару, сөзсіз, отандық екінші деңгейлі банктердің банк жүйесін тұрақтандырып, сәйкесінше, жалпылай ел экономикасының дамуына әкеледі. Мақалада екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит жүйесіндегі қаржылық көрсеткіштерге корреляциялық-регрессиялық математикалық әдістерін қолдана отырып жасалған талдауы көрсетілген. Талдау барысында маңызды фактор ретінде екінші деңгейлі банктердің меншікті капитал көрсеткіші алынды. Себебі қазіргі таңда меншікті капиталдың жеткіліктілігі — Қазақстандағы екінші деңгейлі банктердің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты «Халық Банк» Акционерлік қоғамның меншікті капиталының артуы оның төлемқабілеттілігінің жоғарылығын және кәсіпорындарында қаржыландыру жеткілікті деңгейде екендігі, яғни, меншікті капиталдың ұлғаюы ел экономикасының өсуіне септігін тигізеді деп айтуға болады. Авторлар «Халық Банк» АҚ 2005–2015 ж. аралығында меншікті капиталының өзгеру динамикасына қандай факторлар әсер еткенін көрсеткен. Регрессиялық теңеулер жасалып, ол болжамға пайдаланылады. Қадамды регрессия бойынша әсер етуші факторлар іріктеліп, оларға сәйкес адекватты регрессиялық үш модель тұрғызылды. Талдау нәтижесі «Халық Банк» Акционерлік қоғамның меншікті капиталының өзгеру динамикасына қандай факторлар әсер ететінін анықтауы көрсетілген.

Кілт сөздер: қаржылық көрсеткіштер, меншікті капитал, ішкі аудит, қаржылық талдау, болжам, тиімділік, модель, міндеттемелер, пайда, өзгеру динамикасы.

Көптеген компаниялар стратегиялық шешім қабылдау үшін қаржылық, материалдық ақпараттың жеткіліксіздігінен және де заңдылықтардың орындалмауынан, тәуекелдердің дұрыс басқарылмауынан, есептіліктің дұрыс жүргізілмеуінен, қызметкерлердің алаяқтылығынан зардап шегуде. Сондықтан бүгінгі таңда ішкі аудит жүйесін жетілдіріп, тиімді жұмыс жасауы Қазақстан компаниялары үшін өзекті мәселе болып отыр.

«Ішкі аудиторлардың ішкі аудит қызметінің халықаралық институтының анықтамасына сәйкес тәуелсіз және ұйымның жұмысын жетілдіруге бағытталған объективті кепілдікті қамтамасыз ету болып табылады. Ішкі аудит ұйымның тәуекелдерін басқару, бақылау және корпоративтік басқару тиімділігін бағалау және жақсарту үшін жүйелі үрдіс болып табылады. Қазіргі кезеңде ішкі аудит «тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару» үрдістерін дамытуға атсалысуда. Негізгі тұтынушылар – директорлар кеңесі (директорлар кеңесінің аудит комитеті) және компанияның жоғарғы орындаушы басқармасы, олар ішкі аудиттің жұмысы мен міндеттерінің бағытын анықтайды. Екінші деңгейлі банктерде ішкі аудит жүйесі, ең алдымен, келесі мәселелерге назар аударады: банктің стратегиялық даму бағдарламасында көрсетілген мақсат пен міндеттің іске асу деңгейін тексеруге, заңдылықтар мен банктің есеп саясатына сәйкес ішкі бақылау жүйесінің жағдайына, жалпы кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қаржылық және шаруашылық жағдайының тұрақтылығына.

Айта кету керек, ішкі аудит бойынша бірнеше зерттеулер жүргізілген. Ішкі аудиттің тиімді жүргізілуі басқарудың сапасын жоғарлатудың маңызды көрсеткіші болғандықтан, бұл зерттеу саласы ғалымдардың қызығушылығын тудырады.

Қазіргі уақытта ішкі аудитті құру мақсаты – қызметкерлердің өз жұмысын атқаруының тиімділігін арттыруға көмектесу деген ой кең таралған. Ішкі аудит компанияға қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі. Қазіргі заманғы авторлардың көбісі де «ішкі аудит» ұғымының осындай анықтамасын ұстанады. Бұл анықтамаларда ішкі аудиттің дамуының жаңа концепциясына екпін жасалады – тәуекелдерді басқару кезінде ішкі аудитті қолдану. Алайда мұнда да ішкі аудиттің мазмұны, мақсаты және міндеті анықталмаған. Осылайша, ғылыми ортада ішкі аудит мағынасын түсінуге деген бірегей тәсіл қалыптаспаған. Авторлардың бірқатары ішкі аудит дегеніміз – ұйым басқармасының мүддесіндегі ұйымның ішкі бақылау жұмысы деп түсінсе, екіншілері ішкі аудитті

басқарма бақылауының элементі, және оның негізгі мақсаты қызметкерлерге олардың міндеттерін тиімді орындау үшін көмек көрсету деп түсінеді.

Коммерциялық банк қызметіндегі ішкі аудитті ұйымдастырудың әдістемелік негізі бойынша А.М. Рсымбетова (2015) зерттеу жүргізді [1]. Банктегі ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру ерекшелігі тақырыбында Д.Т. Миржакыпов, С.Т. Миржакыпова (2012) зерттеу жүргізген [2]. Ресейлік әдебиетте ішкі аудит жүйесін жетілдіру барысында ғалымдар келесідей пікірлер береді, атап айтқанда, Р.Д. Гишиев (2011) «Анализ состояния правового и нормативного регулирования внутреннего аудита в коммерческих банках» мақаласында ішкі аудитті ұйымдастыру бойынша бірнеше нақты заңдылықтардың жетіспеушілігін қарастырады [3]. Рой Додж «ішкі аудит ішкі бақылаудың негізгі бөлігі болып табылады, шаруашылықты бақылау және талдау мақсатында фирманы басқару мүшелерінің шешімі бойынша жүзеге асырылады» деп санайды [4]. Жалпы Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметінің қалыптасуы мен даму себептерін Г.А. Шакирова (2016) зерттеу жүргізген [5].

Сонымен, шетелдік және отындық ғалымдардың зертеулері бойынша, ішкі аудит ішкі бақылаудың құрамдас бөлігі ретінде және ол ұйымды корпоративті басқару, бақылау көрсеткіштерін зерттеген тәуекелдерді басқарудағы ішкі аудиттің алатын ролін зерттеген, бірақ ішкі аудит жүйесін тиімді жүргізу арқылы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етілетіні жайлы ғалымдар зерттеулер жүргізбеген.

Осылайша зерттеу өзектілігі ерекшелігі қаржылық нәтиженің ішкі аудит жұмысына әсер етуі, яғни екінші деңгейлі банктердің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды көрсеткіш ретінде қаржылық нәтижелердің талдау құралы арқылы ішкі аудиттің тиімділігін жоғарылату болып табылады.

Мақала гипотезасы, 1-суретте көрсетілгендей, ішкі аудит қажетті деңгейде жүзеге асырылса, қаржылық нәтиже көрсеткіштері сапалы болады, ал ол, өз кезегінде, екінші деңгейлі банктердің тиімді жұмыс жасауын корреляциялық-регрессиялық талдау кезінде маңызды көрсеткіш ретінде қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит жүйесіндегі екінші деңгейлі банктердің тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету барысында қаржылық және экономикалық көрсеткіштерге корреляциялық-регрессиялық талдау қолданылды. Қазірге кезде терең зерттеулер жүргізу үшін математикалық әдістер кеңінен қолдануда. Бұл қандай да бір нәтиженің себеп-салдарын айқындап көрсететін тәсіл [6]. «Халық Банк» АҚ-ның 2005–2015 жж. аралығы бойынша қауымдастырылған қаржылық есептілігін, сонымен қоса экономикалық мәліметтерді қолдана отырып, банктің қаржылық тұрақтылығын корреляциялық-регрессиялық талдау арқылы, 2016–2017 жж. болжам жасалынды. Нәтижелік көрсеткіш ретінде (Y) меншікті капитал таңдалды.

Меншікті капитал – бұл меншік құқығын иеленетін және активтердің үлесі қалыптастыру үшін пайдаланылатын ұйымның барлық активтерінің құны болып табылады. Көрсеткіш-факторлар ретінде меншікті капиталға әсер етуші келесілер алынды:

- x_1 — активтер, млн тг;
- x_2 — міндеттемелер, млн тг;
- x_3 — пайда, млн тг;
- x_4 — теңгеге шаққандағы доллар теңгемен.

Активтер мен міндеттемелердің төмендеуі немесе көбеюі пайданың жоғарлауына немесе төмендеуіне әсерін тигізеді. Өз кезегінде пайданың өзгеруі кіріске ықпал етсе, ал кіріс меншікті капиталдың өзгеруіне әсер етеді.

Төмендегі 1-сурет мәліметтері бойынша, «Халық Банк» АҚ-ның 2005–2015 жж. аралығы бойынша меншікті капиталдың тізбектей өзгеру динамикасын қарастырамыз:



Ескерту. Авторлармен жасакталған.

1-сурет. «Халық Банк» Акционерлік қоғамның 2005–2015 жж. бойынша меншікті капиталдың динамикасы

Суреттен көріп отырғанымыздай, меншікті капиталдың 2006–2015 жж. өзгеру динамикасы бойынша өсу тенденция байқалмайды. Себебі 2009 ж. меншікті капиталдың күрт өсуі банк бұл жылы қарапайым акцияларын жариялап, меншікті капиталын ұлғайтты. 2011 ж. 2010 жылмен салыстырғанда меншікті капиталдың төмендеуі байқалды, оны банкпен «Самұрық Қазына» Акционерлік қоғамынан қарапайым акцияларды қайта сатып алынуымен түсіндірумен болады. Сонымен бірге меншікті капиталдың өсіп төмендеуі қандай фактордан болғанын корреляция-регрессиялық талдау жасау арқылы анықтаймыз. Енді осы тұжырымды корреляциялық кестемен тексерейік (1-кесте).

1 - кесте

Корреляция коэффициенттері, 2005–2015 жж. аралығында

| Көрсеткіш-факторлар | Y | x_1 | x_2 | x_3 | x_4 |
|---------------------|-------|-------|-------|----------|-------|
| y | 1 | | | | |
| x_1 | -0,61 | 1 | | | |
| x_2 | -0,61 | 1,00 | 1 | | |
| x_3 | 0,87 | -0,35 | -0,35 | 1 | |
| x_4 | 0,91 | -0,38 | -0,38 | 0,887404 | 1 |

Корреляциялық кесте құру арқылы факторлар арасындағы байланыс тығыздығын анықтаймыз. x_1 мен x_2 арасында кері байланыс бар, оның себебі банктің активтері ұлғайған сайын міндеттемелер азаяды, сол сияқты міндеттемелер көбейген уақытта активтерде азаяды. Көріп отырғанымыздай, кері әлсіз байланыс:

– меншікті капитал (млрд тг) (y) пен міндеттемелер (млрд тг) (x_2) арасында ($r = - 0,61$).

Тығыз байланыс:

– меншікті капитал (млрд тг) (y) пен пайда (млрд тг) (x_3) арасында тығыз байланыс ($r = 0,87$).

Өте тығыз байланыс:

– меншікті капитал (млрд тг) (y) пен ең төменгі жалақы (млрд тг) (x_4) арасында ($r = 0,99$).

Кері байланыс:


– меншікті капитал (млрд тг) (y) пен активтер (млрд тг) (x_1) арасында кері байланыс ($r = - 0,61$).

Бірінші қадам. Меншікті капитал (млрд тг) (y) ке активтер (млрд тг) мен (x_1) пайда (x_3) факторлар арасындағы байланысты қарастырамыз. Байланыс өте тығыз $r=0,92$. Детерминация коэффициенті 0,86 ға тең. Модель адекватты $F=24,8 > F_{кесте} = 4,96$. Статистикалық маңызды, себебі

$$t_{x1} = - 2,4; t_{x3} = 5,3 > t_{кесте} = 2,22.$$

Регрессиялық теңдеуі: $Y = 163,7 - 0,15x_1 + 2,86x_3$.

Сонымен, регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалды. Сондықтан алынған регрессиялық теңдеуді болжамға пайдалануға болады (2-сур.):



Ескерту. Авторлармен жасақталған.

2-сурет. 2005–2015 жж. аралығындағы x_1 мен x_3 -тің болжам дәлдігі


Суреттен көріп отырғанымыздай, 2012–2015 жж. аралығында болжамның дәлдігі байқалады. Алынған регрессиялық модельдің зерттелуші экономикалық үрдіске сәйкес келетіндігі оны болашақта талдауға және болжам жасауға толық пайдалануға болады.

Меншікті капитал 2015–2014 жж. салыстырғанда 11,5 % -ға өскен, сол себепті 2016 және 2017 жж. болжамды 10 %-тен артық мөлшерде жасай алмаймыз. Болжам нәтижелері бойынша 2016 ж. активтер мен кірістердің ұлғаю әсерінен меншікті капитал 535,4 млн тг, ал 2017 ж. 549,7 млн тг артуы мүмкін.

Екінші қадам. Меншікті капитал (млрд тг) (y)-ке міндеттемелер (млрд тг) мен (x_2) пайда (x_3) факторлар арасындағы байланысты қарастырамыз. Байланыс өте тығыз $r=0,92$. Детерминация коэффициенті 0,86-ға тең. Модель адекватты $F=24,8 > F_{кесте} = 4,96$. Статистикалық маңызды, себебі $t_{x_2} = -2,4$; $t_{x_3} = 5,3 > t_{кесте} = 2,22$.

Регрессиялық теңдеуі: $Y = 163,7 - 0,17x_2 + 2,86x_3$.

Регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалды, сондықтан алынғын регрессиялық теңдеуді болжамға пайдалануға болады (3-сур.):



Ескерту. Автормен жасақталған.


3-сурет. 2005–2015 жж. аралығындағы x_2 мен x_3 -тің болжам дәлдігі

Суреттен көріп отырғанымыздай, міндеттемелер мен пайданың әсерінен болған байланыс меншікті капиталға әсер етеді және 2013–2015 жж. аралығында болжамның дәлдігі байқалады. Алынған регрессиялық модельдің зерттелуші экономикалық үрдіске сәйкес келетіндігі оны болашақта талдауға және болжам жасауға толық пайдалануға болады. Меншікті капитал 2015 ж. 2014 ж. салыстырған 11,5 %-ға өскен, сол себепті 2016 және 2017 жж. болжамды 10 %-тен артық мөлшерде жасай алмаймыз. Болжам нәтижелері бойынша, 2016 жылға активтер мен кірістердің ұлғаю әсерінен меншікті капитал 532,5 млн тг, ал 2017 ж. 541 млн тг өсуі мүмкін.

Үшінші қадам. Меншікті капитал (млрд тг) (y) ке міндеттемелер (млрд тг) мен (x_2) доллар бағамы (x_4) факторлар арасындағы байланысты қарастырамыз. Байланыс өте тығыз $r=0,95$. Детерминация коэффициенті 0,91-ге тең. Модель адекватты $F=44,1 > F_{кесте}=4,96$. Статистикалық маңызды, себебі $tx_2 = -2,7$; $tx_4 = 7,2$.

Регрессиялық теңдеуі $Y = -439,6 - 0,15 x_2 + 5,1 x_4$.

Сонымен, регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалды, сондықтан алынғын регрессиялық теңдеуді болжамға пайдалануға болады (4-сур.):



Ескерту. Авторлармен жасақталған.

4-сурет. 2005–2015 жж. аралығындағы x_2 мен x_4 -тің болжам дәлдігі

Суреттен көріп отырғанымыздай, міндеттемелер мен доллар бағамының әсерінен болған байланыс меншікті капиталға әсер етеді 2014–2015 жж. аралығында болжамның дәлдігі байқалады, 2016 ж. болжам жасайтын болсақ, меншікті капитал 1243,3 млрд тг өседі, 2015 ж. меншікті капитал 529,9 млрд тг құраған. Бірден қарқынды өсу себебі 2016 жылғы доллар бағамының күрт өсуіне байланысты, яғни доллар бағамы мен меншікті капитал арасындағы байланыс өте тығыз.

Регрессиялық есептеулер нәтижесі төмендегі 2-кестеде көрсетілген.

2 - к е с т е

Регрессиялық есептеулер нәтижесі

| Р/с № | Фактор | Регрессия теңдеуі | R | Критерийлері ($F_{кр}=4,96$; $t_{кр}=2,22$) |
|-------|----------------|-------------------------------------|------------------------|--|
| 1 | X_1 | $Y = 163,7 - 0,15 x_1 + 2,86 x_3$ | $R=0,92$ $R^2=0,86$ | $tx_1 = -2,4$ $tx_3 = 5,3$ |
| 2 | X_2 X_3 | $Y = 163,7 - 0,17x_2 + 2,86x_3$; | $R=0,92$ $R^2=0,86$ | $tx_1 = -2,4$ $tx_3 = 5,3$ |
| 3 | X_1 X_4 | $Y = -439,6 - 0,15 x_2 + 5,1 x_4$; | $R=0,95$ $R^2=0,91$ | $tx_2 = -2,7$ $tx_4 = 7,2$ |

Ескерту. Авторлармен жасақталған.

Сонымен, «Халық Банк» АҚ 2005–2015 жж. бойынша меншікті капиталдың динамикасы талданып, оның нәтижесінде меншікті капиталдың өзгеру динамикасы 10 жыл уақыт аралығында бірнеше өзгерістерге ұшыраған. Қадамды регрессия бойынша нәтижелі көрсеткіш меншікті капиталға әсер етуші факторларды іріктеп алып, оларға сәйкес адекватты регрессиялық үш модель тұрғызылды. Нәтижесінде ішкі аудит жүйесіндегі екінші деңгейлі банктердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды көрсеткіш ол меншікті капиталдың келесідей факторларға тәуелді екені анықталды: x_1 мен x_3 — өзара байланысына, x_2 мен x_3 — өзара байланысына; x_1 мен x_4 — факторларының өзара байланысына. Әсіресе меншікті капиталдың өзгеру динамикасы 4-ші фактормен өте тығыз байланыста екені айқындалды. Жалпы, мақала гипотезасына сәйкес банктің қаржылық жағдайына жасалған талдау нәтижесінің негізінде ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс атқарылуын бағалай аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Рсымбетова А.М. Коммерциялық банк қызметіндегі ішкі аудитті ұйымдастырудың әдістемелік негізі бойынша / А.М. Рсымбетова // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сер. — 2015. — № 2/1(108). — 218 б.
- 2 Миржакыпов Д.Т. Банктегі ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру ерекшелігі / Д.Т. Миржакыпов, С.Т. Миржакыпова // ҚазҰУ хабаршысы. — 2012. — № 4(88). — 171 б.
- 3 Гишиев Р.Д. Организация и методология внутреннего аудита в коммерческом банке: дис. ... канд. экон. наук / Р.Д. Гишиев. — М.: МГУ М.В. Ломоносова, 2011. — 193 с. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.dslib.net/bux-uchet/organizacija-i-metodologija-vnutrennego-audita-v-kommercheskom-banke.html>.
- 4 Додж Р. Краткое руководство по стандартам и нормам аудита / Р. Додж; пер. с англ., предисл. С.А. Стукова. — М.: Финансы и статистика; ЮНИТИ, 1992. — 240 с.
- 5 Шакирова Г.А Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметінің қалыптасуы мен даму себептері / Г.А Шакирова // ҚарМУ хабаршысы. Экономика сер. — 2016. — № 2/1(82). — 149 б
- 6 Рахметова Р.О. Эконометрика / Р.О. Рахметова. — Алматы: Экономика баспасы, 2016. — 168 б.

А.Н. Ламбекова, А.М. Нургалиева

Анализ финансовой устойчивости АО «Народный Банк» в качестве инструмента для повышения эффективности системы внутреннего аудита

Банковская система является важной составляющей рыночной экономики. Направленная на повышение качества эффективного управления банком и его важнейшей функции на основе совершенствования управления стабильность банковской системы отечественных банков второго уровня, соответственно, приведет к развитию всей экономики страны. В статье дан анализ финансовых показателей системы внутреннего аудита банков второго уровня корреляционно-регрессионным математическим методом. При анализе в качестве важного фактора были взяты показатели собственных капиталов банков второго уровня, потому что на данный момент достаточность собственного капитала — одна из важнейших задач, стоящих перед банками второго уровня в Казахстане. В связи с возрастанием собственного капитала АО «Народный Банк» его кредитоспособность, финансирование промышленных предприятий, т.е. увеличение собственного капитала, способствует развитию экономики страны. Показано, какие факторы повлияли на изменение динамики собственного капитала Народного Банка за период 2005–2015 гг. Сделаны сравнения для использования прогноза. С помощью пошаговой регрессии отобраны влияющие факторы и соответственно им построены три адекватно регрессивных модели. В результате определено, какие факторы влияют на изменение динамики собственного капитала АО «Народный Банк».

Ключевые слова: финансовые показатели, собственный капитал, внутренний аудит, финансовый анализ, прогнозирование, эффективность, модель, обязательства, доходы, динамика изменения.

A.N. Lambekova, A.M. Nurgaliyeva

«Halyk Bank» the Analysis of financial stability of the joint-stock company as the tool for increase in system effectiveness of internal audit

The banking system is an important component of the market economy. Aimed at improving the quality of effective management of the bank and its most important functions on the basis of improving governance, stability of domestic banks in the second level of the banking system, respectively, lead to the development of the entire economy. This article shows an analysis of the financial performance of the internal audit of banks of the second level of correlation - regression mathematical method. In the analysis as an important factor in performance of their own capital of commercial banks were taken. Because at the moment, capital adequacy is one of the most important tasks facing the second-tier banks in Kazakhstan. In connection with the increase in equity capital of JSC «Halyk Bank's» creditworthiness, the financing of industrial enterprises, an increase of equity capital promotes the development of the national economy. The article shows the factors that influenced the change in equity of the dynamics of Halyk Bank for the period 2005–2015. Using stepwise regression selected influencing factors and, accordingly, they built three adequate regression models. As a result, to determine what factors affect the dynamics of change in equity of JSC «Halyk Bank».

Keywords: financial performance, net worth, internal audit, analysis, financial analysis, forecast, efficiency, model, dynamic of changes.

References

- 1 Rsymbetova, A.M. (2015). Kommertsiialyk bank kyzmetindehi ishki auditti uiymdastyrudyn adistemelik nehizi boiynsha [The organization of internal audit banks]. *KazUU khabarshysy. Ekonomika seriiasy – Buletin KazNU. Series of Economy*, 2/1(108), 218 [in Kazakh].
- 2 Mirzhakypov, D.T., Mirzhakypova, S.T. (2012). Banktehi ishki audit zhuiesin uiymdastyru erekshilihi [Especially the organization of the internal audit of the Bank]. *KazEU khabarshysy – Bulletin KazEU*, 4(88), 171 [in Kazakh].
- 3 Gishiev, R.D. (2011). Orhanizatsiia i metodolohiia vnutrenneho audita v kommercheskom banke [Organization and methodology of internal audit in a business bank]. *Candidate's thesis*. Moscow: M.V.Lomonosov Moscow State University. Retrieved from <http://www.dslib.net/bux-uchet/organizaciya-i-metodologiya-vnutrennego-audita-v-kommercheskom-banke.html> [in Russian].
- 4 Dodge, R. (1992). *Kratkoe rukovodstvo po standartam i normam audita [Quick Guide to the standards and norms of audit]*. (S.A. Stukov Trans.). Moscow: Finansy i Statistika; UNITY [in Russian].
- 5 Shakirova, G.A. (2016). Resei Federatsiiasy men Kazakstan Respublikasynda auditorlyk kyzmetinin kalyptasuy men damu sebepteri [Background and development of the audit activity in Russian Federation and Republic of Kazakhstan]. *KarMU khabarshysy. Ekonomika seriiasy – Bulletin of the Karaganda University. Series of Economy*, 2/1(82), 149 [in Russian].
- 6 Rakhmetova, R.O. (2016). *Ekonometrika [Econometrics]*. Almaty: Ekonomyka baspasy[in Russian].